

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**

ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**«Балаларды психологиялық тұрғыда мектепке даярлаудың бүгінгі
жағдайы мен болашағы»
(Мектепке дейінгі мекеме психологтарына арналған)**

Бағдарлама авторы:
«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасының аға
оқытушысы Оспанбаева А.Р.

Бағдарлама мыналарды ескере отырып әзірленген:

«Балаларды психологиялық тұрғыда мектепке даярлаудың бүгінгі жағдайы мен болашағы» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы келесі құқықтық-нормативтік құжаттар негізінде жасалды: “Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жыл 4 мамырдағы №175 бұйрығына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы.

Бағдарлама мектепке дейінгі білім беру жүйесін реттейтін нормативтік құқықтық актілер:

- «Білім туралы» ҚР Заңына;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген, ҚР БҒМ 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (ҚР БҒМ

2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген, 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен өзгерістер енгізілген);

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (ҚР БҒМ м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бекітілген, ҚР БҒМ 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығымен өзгерістер енгізілген);

- «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына (ҚР ДСМ 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы) сәйкес құрастырылды. Бағдарламаның өзектілігі баланың ойлау процестерін белсендіруге, оны құбылмалы әлеуметтік ортаға енуге және мектеп әміріне қызығушылығын қалыптастыруға мүмкіндік беретін заманауи технологияларды қолдануды қамтиды.

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазанда, №726 бұйрығы, «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен), «Педагог туралы» Заңдарға және басқада заңнама актілері. ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022 ж. № 467 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030654>);

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029136>).

1. Жалпы ережелер

Балалардың мектепке дайындығы - бұл балалардың таным үрдістерінің даму деңгейін, эмоциясын, дағдылары мен басқа да ерекшеліктерін қарастыратын тұтас кешенді түсінік.

Баланы мектепке психологиялықтұрғыда дайындау тек мектепке дейінгі мекеме қызметкерлері емес, ата-аналар мен бастауыш сынып мұғалімдерінің, мектеп психологыныңбірлесіп жұмыс істеуінің нәтижесінде жетістікке жететін әрекеті болып табылады.

Баланың мектепке психологиялық дайындық мәселесі балалардың негізгі іс-әрекетінің, яғни сюжеттік-рөлдік ойындарының оқу әрекеті болып ауысуымен байланысты. Бұл мәселе өзекті әрі маңызды, бірақ оқу әрекеті мектепке психологиялық дайындық мәселесін тұтастай қамтымайды.

Баланың мектепке дайындығы балалардың бір-бірімен байланысты жеке қасиеттері мен мотивация, таным процестерінің, ерік қасиетінің дамуымен байланысты тұтас жүйеден тұрады.

Мектепте білім алуға дайын баланың мектепке келу себебі, адамдардың қоғамдағы орнын, үлкендер әлеміне жол ашатын және танымдық қызығушылығының белсенділігін үй жағдайында қанағаттандыра алмағандықтан мектепке келгісі келеді. Баланың мектепке психологиялық дайындығының көрсеткіштері баланың ақыл ойының дамуымен тығыз байланысты. Мектепке келу үшін балада сөздіқорының, танымдық белсенділігінің, бейнелік және кеңістіктегі заттар туралы кең мағлұмат болуы қажет. Бала мектепке бару алдында айналасындағы заттарды ажыратып, салыстырып, ұқсастығын, айырмашылығын бөліп, себептерін тауып, тұжырым жасай білуі керек.

Бала жақсы оқу үшін өзін қызықтыратын заттарды ажырата білуі керек.

Баланың логикалық ойлау деңгейі және ақыл ой сөздік қордың дамуымен тығыз байланысты.

Бала сөздерден дыбыстарды ажырата білулері керек, яғни фонетикалық есту қабілеттері болуы керек.

Баланың ақыл-ой дайындығының мазмұнына тек қана сөздік қор, ойөріс, арнайы қабілет қана жатпайды, сонымен қатар таным процестері дежатады. Сонымен қатар ақыл-ой дайындығы негізгі таным процестерін қиял, қабылдау, зейін, ес, ойлау және сөйлеу процестерінің қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Балалардың барлық таным процестері жүйелі, яғни тәжірибе әрекеті кезінде міндетті түрде заттардың сыртқы және ішкі символдық-таңбалы жүйесін дұрыс пайдалана алатындай деңгейде дамуы керек.

2. ГЛОССАРИЙ

Бала психологиясы— жас ерекшелігі психологиясының негізгі бөлімі. Ол адам өміріндегі тұтас бір кезең болып табылатын балалық шақтың психикалық даму заңдылықтарын зерттейді

Адаптация—орта біртіндеп бейімделу.

Зейін—баланың санасының белгілі бір затқа бағытталып тұрақталуын көрсететін құбылыс.

Дағды-сансыз қайталау нәтижесінде ол автоматтандырылған әрекетке айналып, оңай, шапшаң, дәл орындалып отырады.

Ерік-әрекет жасауды қажетсіну.

Жас дағдарысы - онтогенездердің психологиялық өзгерістерімен сипатталатын, уақыты жөнінен ұзақ емес ерекше кезеңдері.

Әдет-әрекет жасауды қажетсіну.

Іс әрекет қызмет— қоршаған болмысқа ықпал етумен сипатталатын белсенді қарым қатынас.

Қашықтық талдауыштары (анализаторлары)—рецепторлары зат іс әрекетінің тікелей ықпалдарына шалынатын талдауыштар бұған есту және көру талдауыштары жатады. Тәртіптілік адамның жеке басының дағдысы үнемі тәртіп сақтауды қажет ететіндігі, өзі және қоғам алдындағы міндетін түсіне білуі.

Мектепке дейінгі шақ-психикалық даму сатысы, үштен жетіге дейінгі жас аралығына сәйкес келеді.

Рухани қажеттілік— тек адамға ғана тән мәдени қажеттілік. мәдени қажеттіліктерде адамның белсенді іс әрекетінің адамзат мәдениеті жемістеріне байланыстылық көрінеді әр түрлі экономикалық және қоғамдық құрылыста осы құрылысқа тән мінез құлықты игеру мен тәрбиеге байланысты адам әр түрлі мәдени қажеттілікке ие болады.

Тәбиғи қажеттілік — белгілі сыртқы ортаның жағдайларына организмнің өмір сүруіне қолдануға керекті қажеттілік. бұған тамақ ішу қажеттілігі дем алу қажеттілігі жылыну қажеттілігі т. б

Күнделікті ұғымдар— арнаулі үйретусіз, өмір тәжірибесі нәтижесінде меңгерілген, ғылымға дейінгі ұғымдар.

Нышандар— қабілеттіліктер дамуының тәбиғи жағдайлары түрінде көрінетін организмнің іштей туа біткен автономиялық физиологиялық ерекшеліктері (нерв жүйесінің типі рецепторлар құрылысының ерекшеліктері т б).

Есте сақтау— болмыстағы заттардың немесе құбылыстардың бейнелерін есте берік сақтауға мүмкіндік беретін ес процесі есте сақтау үнемі таңдамалы келеді: біздің сезім мүшелерімізге тигізгендердің бәрі бірдей есте сақтала бермейді .

Қорғаныш рефлексі—шартсыз қорғану рефлексі

Белгі— болмыстың өзге элементінің баламасы ретінде көрінетін оның кез келген элементі. белгілі адамның психикалық іс әрекеттің тәсілі, бұл не

қоғамдағы орган, не әлеуметтік құрал әлеуметтік құралдың белгісі болып тіл, жазу, есептеу, сурет, салу саналады.

Ойын іс әрекет(қызметі) - негізінен үлкендердің іс әрекеттері мен қарым қатынастарын ерекше түрде елестетумен сипатталатын мектеп жасына дейінгі балалар іс әрекетінің басты түрі .

Мотивтер иерархиясы(сатысы) - мінез құлықтың түрткі күштерінің жүйесі. мәні төмен түрткі күштер мәні жоғары түрткі күштерге бағынады.

Бейнелеу іс әрекеті—сурет салудың, жапсырудың құраудың т. б. жалпы аты бейнелеу іс әрекетінің жемісі/ ерекше формада көрсетілген объективтік болмыстың көрнекі бейнелері.

Былдыр сөз-негізінен жеке буындардан тұратын айланыссыз, түсініксіз сөйлеу бала тілі дамуының алғашқы кезеңі.

Жеке дара даму — өмір мен іс әрекет процесінде әрбір адамның дамуы (онтогенез).

Инстинкт— мінез құлықтың адам дүниеге келгенде бітетін формасы белгілі ынтаға жауап ретінде мақсатқа сәйкес іс әрекет жасау қабілеті.

Ақыл ой сезімдері— ойлау іс әрекетінен туатын сезімдер(таң қалу әуестік сенімділік және шұбалану сезімдері).

Ынта - мотивтер түрі , адамның қажеттілігінің көріну формасы.

Интероривация -сыртқы іс әрекеттен заттардың бейнелері және олар туралы ұғымдар арқылы іштей орындалатын іс әрекетке көшу процесі.

Инновация (жаңалық жарату) - қазіргі ойлау үлгісі мен дәстүрлі таным ерекшелігіне ұқсамайтын жаңа ойлау жүйесін тауып шығару, кезектегі білім мен материалдық мүмкіндіктерді пайдалана отырып көнені өңдеу, бар нәрсені тіпті де жақсарту, кем нәрсені толықтыру, жаңа нәрсені тапқырлау, тың нәрсені байқау, жаңа зат, жаңа әдіс, жаңа жол, жаңа орта жаңалығымен өмірді жаңарту, сөйтіп адамға және адамзатқа бақыт жарату.

Әдістеме-ғылыми тұрғыда негізделген іс-әрекеттер, оқыту ережелері мен әдіс-тәсілдерінің жиынтығы

Парадигма-құндылықтар мен болжамдарға негізделген әлемді тану моделі немесе әдісі Аксиома-теорияның ақиқат (шындық) ең бастапқы қағидасы

Технология—өнімді өндіру процесінде жүзеге асырылатын материал, шикізат және жартылай шикізаттың формасын, қасиетін, күйін өзгерту, өңдеу, даярлау әдіс-тәсілдерінің жиынтығы.

(Энциклопедиялық сөздік) Педагогикалық технология—білім беру мақсатын практикада тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тәрбиелеу мен оқыту процесінің теориялық негізделген әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы (В.П.Беспалько)

Мақсат - оқушыларға сабақ нәтижесінде не істей алатындарын айту

Оқыту әдістері —оқытушы мен оқушылардың бірлесе жұмыс істеу барысында білім, іскерлік, дағды қалыптасып, оқушылардың дүниетанымы мен қабілеттерін арттыратын оқыту тәсілдері. Оқыту әдістері—мұғалім мен оқушылардың өзара әрекетінің негізінде білім, тәрбие және таным процесін жетілдіру тәсілдеріІскерлік ойын әдісі-ойын сабақтарын дайындау, өткізу

мұғалімнен де, оқушылардан да шығармашылық ізденісті, көп күш-жігер мен уақыт талап етеді.

Білік – адамның белгілі бір құбылыс, күрделі мәселе жөнінде ой жүгіртіп, өзінше пайымдай білу қасиеті.

Құзіреттілік – алған білім, білік, тәжірибе, мінез-құлық тәсілдерін нақты жағдаятта, нақты іс-әрекет жағдайында жұмылдыру қабілеті.

Портфолио (portfolio – ағылшын сөзі) – портфель маңызды құжаттар үшін арналған папка деген мағынаны білдіреді; оқушы немесе мұғалімнің оқып білім алу және басқа да салалардағы жетістіктерін тіркейтін, жинақтайтын, бағалайтын және қорытындылайтын жүйе, тәсіл.

Шығармашылық ойлау – жаңа идеяларды қалыптастыруға, мәселелерді жаңа тәсілмен шешуге бағытталған ойлау түрі.

Креативтілік (creatio латын тілінен тікелей аудармасы – «жасап шығару»; «жасырын күш»; «жасап шығаруға қабілеттілік»)**–** өнімді әрекет етуге дайын болу, жаңалық ашуға дайындығын көрсететін индивидтің тұлғалық сапасы.

Индивидтің жоғары нәтижелерге жетуге деген тұрақты мотивтерінің болуы.

3. БАҒДАРЛАМА ТАҚЫРЫБЫ

Модуль 1 Білім беру негіздері	«Балаларды психологиялық тұрғыда мектепке даярлаудың бүгінгі жағдайы мен болашағы» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы мазмұнының жаңашылдығы білім алушылардың функционалдық сауаттылықтың компоненті ретінде жаһандық құзыреттерді зерделеуді көздейді. Аталған құзыреттер білім алушылардың өмірдегі орнын анықтауда маңызды болатын және қоғамдағы өзара қарым-қатынастардың көптеген мәселелерін шешуде дұрыс бағдар беретін әмбебап дағдыларын қалыптастыруға бағытталған
Модуль 2	Ұсынылған модуль мектепке дейінгі білім беруді оқытуды жоспарлау бойынша нұсқаулықтар беру, оқыту курсысын құрастыру жолдарын талдау және түсіндіру ,
Модуль 3	Модуль қатысушыларды. оқыту элементтерін ресімдеудің және ұсынудың тиімді әдістеріне үйретуге бағытталған.
Модуль 4	Ұйымдастырған іс-әрекет құрастыру бойынша қалыптасқан дағдыны жоба арқылы бағалау

4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ

Курстың мақсаты. Мектеп жасына дейінгі балалардың жаңа білім беру

жағдайларына табысты бейімделуіне және білім берудің бір сатысынан келесі

сатысына жайлы өту үшін жағдай жасау.

Бағдарламаның міндеттері:

- балаларды мектепке оқуға дайындауда физикалық және психикалық денсаулығын сақтау және нығайту;

- балалардың психологиялық мүмкіндіктері мен жас ерекшеліктеріне сәйкес

танымдық, эмоционалдық және адамгершілік дамуына, біліктері мен дағдыларының,

коммуникативтік дағдыларының алғышарттарын қалыптастыруға ықпал ететін қажетті жағдайлар жасау;

- балалардың шығармашылық белсенділігін, білуге құмарлығын, бастамашылдығын, дербестігін дамыту;

Курсты оқыту барысында қолданылатын әдістер: дискуссия, эвристикалық әңгіме, метажоспар, интерактивті сұхбат, рефлексия, супервизия, брейнштурминг, тренингтік тәсілдер, кейс-стади, Блум таксономиясы, іскерлік ойындар және т.б.

Күтілетін нәтиже: «Балаларды психологиялық тұрғыда мектепке даярлаудың бүгінгі жағдайы мен болашағы» курсы бағдарламасының теориялық, практикалық және әдістемелік құзыреттіліктерді меңгеру деңгейін өлшеу үшін курс тыңдаушыларының оқу нәтижелерін бағалау қарастырылады.

Білім беру бағдарламасын меңгеру сапасын бағалау сабаққа қатысуды тұрақты бақылауды, сабақтың әртүрлі кезеңдеріне қатысуды, аудиториядағы басқа тыңдаушылар мен қарым-қатынасты, дәреже/жауаптылықты, жаңа идеялар мен шешімдерді ұсынуды қамтиды. Күтілетін нәтижелер эссе-шығармаларда, берілген жағдай бойынша экономикалық есептеулерде, берілген жағдай бойынша кейіпкерлерді бағалауда, жағдайларды талдауда және төтенше жағдайдан шығу жөнінде шешімдер ұсынуда көрініс табуы тиіс. Ағымдағы бақылау нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған тыңдаушылар қорытынды аттестацияға қатысуға жіберілмейді.

Білім беру бағдарламасын игеру қорытынды бағалау Google формасында тестілеумен аяқталады, ол тыңдаушылардың теориялық және практикалық дайындығын анықтауға бағытталған, қорытынды бағалау бағдарламаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ТАҚЫРЫПТАРЫ

Модуль 1.	Адамгершілік дайындығы: • мұғалімдермен қатынасын құра білу; • сыныптастарымен тіл табыса білу; • сыпайылық, ұстамдылық, тіл алушылық; • өзін-өзі бағалауы; • өз іс-әрекетін, мінез-құлқын дұрыс ұстау және оқу тапсырмасын қабылдай білу, мұқият, үлкендердің
------------------	---

	сөзін бөлмей тыңдау; - басқаның көзқарасын қабылдау, өз-өзіне басқа қырынан қарау, сыныптастарын тыңдай білу, басқалардың сәтсіздіктерін адекватты түрде бақылау; - ата – аналар тарапынан берілген көмек бұйрық түрінде емес, кеңес түрінде болуы керек. Баланы «баға» үшін оқытуға болмайды. Одан да тіпті кішкене жетістігі болса да, үнемі мақтап отыру керек.
Модуль 2.	Психологиялық дайындық: - бұл баланың оқудың маңыздылығын, қажеттілігін нақты түсінуі, жаңа білім алуға қызығушылық танытуы; - бұл мұғалімді тыңдай білуі және оның берге тапсырмаларын орындай білуі; - үлкендермен, сыныптастарымен тіл табыса білуі (үлкендердің беделін - сезінеді, қарым-қатынасқа жеңіл түседі, кез келген қиындықтан шыға білуге тырысады); - бұл ойлаудың, зейіннің, естің дамуының анықталған деңгейі, мектептік маңызды функциялардың дамуы; - қолдың, саусақтың қимыл-қозғалысының дамуы (қол жақсы дамыған, бала қарындашты, қайшыны сенімді ұстайды); - мектептік маңызды психологиялық функциялардың дамуы; - логикалық ойлауының дамуы (әртүрлі нәрселерді салыстыруда арасындағы айырмашылықты, ұқсастықтарды табу, белгілеріне қарап жалпылай алу); - ырықты зейінінің дамуы (орындап отырған тапсырмаға 15-20 минут
Модуль 3.	Болашақ психологтың креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастыруды жүзеге асыру атты үшінші бөлімде болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастырудың диагностикасы, болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастырудың әдістері мен оның тиімділігі эксперимент арқылы дәлелденуі, шынайылығы қарастырылады
ресурстар. Жоба даярлау	Мектепке дейінгі мекемелердегі әдістемелік кабинет Ұжымдағы өзара жағымды қатынасын қалыптастыруда, қойылған мақсат пен міндеттерді шешуде психологтың рөлі.
Қорытынды	Мектепке дейінгі мекемелерде оқу-іс әрекетін

бағалау	ұйымдастыру Сабақ – балаға ықпал ететін оқытудың негізгі формасы. Сабақта оқытудың жаңа педагогикалық технологиясын қолдану. Сабақтың түрлерін бақылау. Сабақты талдау. Баланы мектепке дайындау. Мектепалды дайындық топтарда сабақты өткізу әдістемесі және ерекшелігі
----------------	--

6. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Оқу процесін тиімді ұйымдастыру курстың мақсаттарына қол жеткізуге және қатысушыларды барынша дамытуға бағытталған жоспарлауға, әдістемелік қамтамасыз етуге, технологиялық қолдауға және бағалау жүйесіне кешенді көзқарасты қамтиды. **"Балаларды психологиялық тұрғыда мектепке даярлаудың бүгінгі жағдайы мен болашағы"** курсы шеңберінде оқу процесін ұйымдастыру құрылымдалуы және оқу мақсаттарына қол жеткізуге бағдарлануы тиіс. Оқу процесін ұйымдастырудың негізгі аспектілері: Перспективалық жоспарлау: курстың жалпы көлеміне негізделген сабақтардың егжей-тегжейлі кестесін әзірлеу (80 академиялық сағат). Дәрістерге, семинарларға, практикалық сабақтарға және үй тапсырмасына уақыт кестесіне қосу.

Сабақ форматы: қатысушылардың интерактивтілігі мен оқу белсенділігін қамтамасыз ету үшін сабақ форматтарының әртүрлілігі. Дәрістерді, семинарларды, практикалық сабақтарды, мастер-кластарды, дөңгелек үстелдерді және жоба презентацияларын қосу. Әдістемелік қамтамасыз ету: презентацияларды, әдістемелік құралдарды, ғылыми мақалаларды, кейс-кезеңдерді, ғылыми мәтіндердің үлгілерін және табысты жобалардың мысалдарын қоса алғанда, оқу материалдарын дайындау және ұсыну.

Заманауи технологияларды қолдану: ақпаратқа қол жеткізуді және оқу материалымен өзара әрекеттесуді жеңілдету үшін онлайн ресурстарды біріктіру.

Қашықтықтан оқыту платформаларын, вебинарларды, виртуалды зертханаларды және бірлескен құралдарды пайдалану. Үлгерімді бағалау: оқытудың әр кезеңі үшін нақты бағалау критерийлерін әзірлеу, соның ішінде өзіндік тапсырмалар, аралық жұмыстар және ғылыми жобаны қорғау. Қатысушылардың нәтижелерін түзету және жақсарту үшін оқытушылармен кері байланыс және кеңес беру.

Мониторинг және бейімделу: қатысушылардың үлгерімін үнемі бақылау және кері байланыс пен бағалау нәтижелеріне байланысты оқыту әдістемелерін бейімдеу. Әр түрлі деңгейдегі және қажеттіліктері бар қатысушыларға қосымша ресурстар мен қолдау көрсету.

Психологтар тобын қалыптастыру: курсты ғылыми зерттеулер мен педагогикалық жұмыс саласында тәжірибесі бар білікті оқытушылармен

қамтамасыз ету. Тәжірибе алмасу және үздік тәжірибелерді әзірлеу үшін бірлескен жиналыстар мен талқылауларды ұйымдастыру.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

	Тақырып	Сағат саны	Оқу түрі	Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету
	Теориялық-нормативтік модуль	10 сағат	Лекция, семинар	Презентация Болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс әрекетке дайындау процесінде қалыптастыру мәселесінің зерттелу жағдайы
	Педагогикалық-әдіснамалық модуль	30 сағат	Практикалық сабақтар, тренингтер	Болашақ мұғалімдерді инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінің психологиялық-педагогикалық шарттары
	Әдістемелік-технологиялық модуль	30 сағат	Мастер-класс, практикалық сабақтар	Зерттеліп отырған мәселеге жеке көзқарастары мен тәжірибесі бойынша сұхбат.
	Қорытынды бағалау	10 сағат	Жоба жұмысын қорғау	Қатысушылардың жобаларын қорғау және бағалау критерийлері. Бағалау парақтары мен қадамдық нұсқаулар. Рефлексиялық жұмыстар.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Бұл біліктілікті арттыру бағдарламасы балабақша педагогтерінің оқыту әдістемесін жетілдіруге бағытталған. Балалардың білімін бағалау мониторинг және кері байланыс арқылы жүзеге асырылады. Бағалау процесі сабақтар барысында және соңғы жоба қорғау нәтижелері негізінде жүзеге асырылады. Курсты аяқтау кезінде тыңдаушылардың пәндік білімдері мен дағдылары нақты анықталады. Бағалау жүйесі жобалар, тапсырмалар мен пікір таластарды қамтиды

9. Курстан кейінгі қолдау

Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар жаңа білімдерін практикада қолдану үшін түрлі ұйымдармен ынтымақтастық орната алады. Олар

конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да іс-шараларға қатыса алады. Сондай-ақ, тыңдаушылар өз білімдерін одан әрі тереңдету үшін қосымша тренингтер, вебинарлар және мастер-класстарға қатысу мүмкіндігіне ие болады. Бағдарлама аясында тыңдаушылар зерттелген тақырыптар бойынша әдістемелік және нормативтік құжаттармен таныса алады, сондай-ақ пәндік әдебиеттер мен зерттеу нәтижелерімен жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

10. ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ».
2. Захарова Е. А. Требования к профессиональному развитию педагогов в условиях последипломного образования // Молодой ученый. – 2011.- №3
3. Митина Л. М. Психология труда и профессионального развития учителя. М., Академия, 2004
4. Нығыметова, Қ. Н. Балалар психологиясы [Мәтін]: оқулық / Қ. Н. Нығыметова; ҚР Білім және ғылым м-гі. – 2-бас. – Алматы: Альманах, 2021.– 332 б.
5. Байбекова М. Психологиялық кеңес беру: монография.-Алматы: Альманах, 2017.-191 б.
6. Байбекова М., Ибраева П. Кіші баланың психологиясы: оқу құралы.-Алматы: Альманах, 2019.-268 б.
7. Байбеков М., Ибраева П. Әлеуметтік-психологиялық тренингтер, әдістемелер мен жаттығулар: оқу-әдістемелік құрал.-Алматы: Альманах, 2017.-267 б.
8. Байбекова М. Психология: оқу құралы.-Алматы: Альманах, 2017.-303 б.
9. Нығыметова Қ. Жалпы психология: оқу құралы.-Алматы: Альманах, 2021.-236 б.
10. Психология детей младшего школьного возраста: учебник и практикум для бакалавров / [Айгумова З.И., Васильева Н.Н., Вачков И.В. и др.]; под общ. ред. А.С.Обухова / - 2014

Интернет -ресурсы:

<http://online.zakon.kz>

<https://unwto.org>

<https://researchgate.net>

<https://ppt-online.org/367257>